



23-дәріс



ҚАЗАҚСТАННЫҢ
АШЫҚ
УНИВЕРСИТЕТІ

ҒЫЛЫМИ ЗЕРТТЕУ ЖҮРГІЗУ ӘДІСТЕМЕСІҚАТЫНАСҚА

Сапалық деректерді талдау, 2





Сапалық деректер дегеніміз санмен таңбалауға келмейтін, медиафайлдар, адамдардың өмірлік тәжірибесі, этнографиялық ізденістер т.с.с. сандық таңбалаумен берілгенде өзінің қанықтығынан айырылып қалатын деректер. Сонымен олармен жұмыс істеудің бір тәсілі – Паттерндер мен өзара байланыстарды іздеу.

Мәтіндер тек қана жазылған жазбалар емес, оның ішіне әртүрлі бейвербалды ым-ишаралар, белгілер де қатар кіреді. Кей кездері адамдардың эмоцияларын, ым-ишараларын олардың айтып отырған сөздеріне немесе бақа біреудің айтқан сөздеріне қандай жолдармен жауап бергеніне қарай сол адамның түсініктері жайында немесе көзқарасы жайында, сөзінің өтірік, шын екені жайлы талдау жасауға болады. Бұл – шет елде көбіне саясаткерлердің сөйлеген сөздерін талдауда жиі қолданылатын әдіс.

Тақырыптардың картасын жасау және құру

Тақырыптардың картасы дегеніміз былай жасалады. Мысалы ортасына өзіңіздің негізгі зерттеу мәселеңізді, нысаныңызды не сұрағыңызды жазып аласыз. Одан соң сол тақырыппен байланысты болуы мүмкін, сол ойдан тарайтын басқа нәрселерді жазып шығасыз. Мысалы, зерттеу тақырыбыңыз мектеп мұғалімдерінің күйзелісі тақырыбы болса, оған байланысты картада жалақы, қосымша жұмыстарды істеу, тексерістің көп болуы, сыныпта бала санының көп болуы деген сияқты сөздер болуы мүмкін. Кейін олардың әрқайсысын да солай дамытасыз. Сол кезде сіз тақырыбыңызға қатысты зерттеуді қайдан іздегенім дұрыс, не нәрселерді ескеруім тиіс, мына нәрсе қаперімде жүру керек деген сияқты нәрселерді жүйелеп, реттеп аласыз. Бастапқыда жасаған картаңыз біліміңіз тереңдеген сайын өзгертіліп, дамытылып отыруы мүмкін. Және ондай картаны арнайы компьютерлік бағдарламаларда жасауға болатынын да ескеріңіз.

Бұл этапта әдебиетке, яғни бұрынғы ғылыми зерттеулер мен теориялық еңбектерге қайта оралып, пайда болған түсініктеме санаттарын ескере отырып, деректерге қалай әсер ететінін көрген жөн. Бұл мәтінмен және қолданыстағы әдебиеттермен бір мезгілде өзара әрекеттесу сізге терең түсінік құруға мүмкіндік береді. Сіз деректеріңіздің мазмұнын зерттеп қана қоймай, сонымен қатар, бұл мазмұнның теориямен қалай және неліктен байланысты екенін де біле аласыз.

Карта жасау арқылы кейбір өзектілігі онша емес, материалдарды тез сүзгілеп аласыз және осылай уақытыңызды тиімді қолдана аласыз.

Теория дамыту

Теория дамыту процесі ең қызық бөлік деп айтар едім. Сөздер картасын сызып болған соң, карта арқылы әр бағыттың қалай дамитынын, не нәрсе қалай зерттелгені жайлы кеңірек түсінікке ие боласыз. Және сол картаңызды қарап отырып, кейде бұрын ойламаған жаңа тұстарды байқауыңыз мүмкін немесе мына жерде мынадай зерттеу неге жүргізілмеген, соны қарастырғанда керемет ізденіс болар еді деген сияқты аяқ асты шабыт беретін бір идеяға келуіңіз мүмкін. Осы идеяны дамыта отырып, сол идеядан өз теорияңызды жасап шығарасыз.

Қорытынды жасау

Қорытынды жасау бөлігі – ең маңызды бөліктерінің бірі, өйткені егер жұмысыңызды комиссияға ұсынатын болсаңыз немесе қандай да бір жерге жариялайтын болсаңыз, онда мақаланы оқитын адамдар оның түйіндемесіне немесе абстрактіне, содан соң қолданылған әдебиеттер тізіміне және қорытындысына қарауы мүмкін. Егер қорытындыларыңызды дұрыс бере алмаған болсаңыз, жұмысыңызды толықтай аша алмайсыз. Көбіне студенттер қорытынды жазудан қиналып жатады. Енді ізденіп бастаған жас ізденушіге қорытындыны жазу бәрін қайтадан айтып беру сияқты көрінеді. Шындығында, ол ойдың да жаны бар. Өйткені қорытындының негізгі мақсаты, сіздің осы уақытқа дейін жүргізген ізденісіңізді қысқаша түрде айтып беру. Қорытындыны жазғанда мына нәрселерді ескеріңіз. Біріншіден, зерттеуде қандай мақсат қойған едіңіз және сол мақсатқа жету үшін қандай міндеттер қойдыңыз. Қорытындыда сол мақсатқа қол жеткізілді ме, әр міндеттің орындалған, орындалмағанына жеке-жеке тоқталып өтіңіз. Егер міндеттеріңізге қол жеткізе алмаған болсаңыз, онда оған не кедергі болды, соны негіздеп беріңіз, қандай әдістер тиімді болды, қандай әдістерді қалай іске асырдыңыз олар туралы да айта кеткеніңіз жөн. Сондай-ақ, әр міндетіңізден алған нәтижелер қаншалықты маңызды болды, оларды негізгі мақсатпен салыстырғанда олар қандай үлес қоса алады, соған тоқталыңыз. Және бір маңызды нәрсе соңғы әдебиеттермен байланыстыру. Егер соңғы әдебиеттермен байланыстыра алсаңыз, сіздің өз тақырыбыңыз бойынша жан-жақты ізденгеніңізді көрсете аласыз.



Контент талдау. Сөздің мағынасын түсіндіру. Сөздер және «мәтін» саналған талдау бірліктері болып саналатын лингвистикалық «сандық бағалауды» қамтуы мүмкін. Сондай-ақ, кодтау арқылы тақырыптық талдауды қарастыруға болады. Ол құбылыс маңызды тенденцияларды көрсетеді деп саналатын зерттеулерде қолданылады. Мысалға, белгілі бір тақырыптың ақпараттық құндылығын (newsworthiness) талдау немесе адамның белгілі бір тұжырымдамаға қатысты түпсаналық сілтемелеріне қарау.

Дискурстық талдау. Тілді әлеуметтік-экономикалық контексте қалай орналасқанына қарай түсіндіру. Дискурстық талдау айтылған нәрсеге назар аударудың орнына, тілді зерттейді. Себебі, тіл билік және біліммен (power and knowledge) байланысты әлеуметтік-экономикалық контексті құрып, жүзеге асырады. Талдау «сыни» болып саналатын деректерді зерттеуді қамтиды; басқаша айтқанда, ол үстем идеологияның тұғырын шайқайды. Ол «мәтін» шынайы саяси билік және әлеуметтік санаға әсер етеді деп саналатын зерттеулерде қолданылады.

Нарративтік талдау. Адамдардың «оқиғаларын» (stories) түсіндіру. Деректерді жинау мен интерпретациялау оқиғаларды құрумен бірге жиі қайталанатын процесс. Метафоралар маңызды болып саналады. Ол адамның оқиғасын бөліп шығару пайдалы деп есептелетін зерттеулерде қолданылады.

Семиотика. Таңбалар мен символдардың артында жатқан мағыналарды түсіндіру. «Когнитивтік алаңдарды» анықтау немесе мағына беру үшін қолданылатын оқыту дағдыларын және психикалық процестерді қамтиды. Түсінікті реконструкциялау үшін ерекше мағыналарды деконструкциялау талпыныстары. Лингвистика мен гуманитарлық салаларда қолданылады. Әлеуметтік зерттеушілер семиотиканы көбінесе таңбалардың қалай қалыптасып, қоғамдық санаға әсер етуге қолданылғанын түсіну мақсатында қолданады.

Герменевтика. Мәтінді диалогтық тәсілмен түсіндіру. «Герменевтикалық шиыршықтарды» қолдана отырып, мәтіннің іші және сыртымен қозғалу немесе көзқарастарды ауыстыра отырып мол түсініктерді қалыптастыратын процесті қамтиды. Балама перспективаларға назар аударады: жаһандыққа қарсы егжей-тегжейлі, әдеттегіге қарсы сыни және т.б. Тарихи құжаттар, романдар, әндер, көркем туындылар мен театрларды қамтитын әдебиет зерттеулерінде жиі қолданылады. Мазмұн автор мен аудитория арасындағы қарым-қатынастың нәтижесі деп ұйғарылған кезде пайдаланылады.

Негізделген теория. Тікелей деректерден теория шығару. Өте индуктивті (аналитикалық индукция). Әрбір дереккөзді бұрын талданған дереккөзбен байланысы аясында барлау үшін «тұрақты салыстырмалы әдісті» қолданады. Барлық сыңаржақ ұғымдарды шетке ысырып, деректерге оқиғаны түсіндіруге мүмкіндік беруді маңызды деп санайтын зерттеушілер қолданады.

Визуалдық талдау. Қимылсыз және қозғалыстағы көріністерді түсіндіру. Жоғарыдағы барлық стратегиялардың логикасын қамтуы мүмкін, айырмашылықтың мәні – сөздерден гөрі көріністерді талдау. Сондай-ақ, адамдардың белгілі бір көріністер, клиптер, туындылар және т.б. қатысты пікірлерін жинауды қамтиды. Фотографтың мұны қолдануы фото элистация деп аталады.

Сапалық деректермен жұмыс істеудің кемшіліктері:

1. Сандық деректерге қарағанда сапалық деректермен жұмыс істеуге көбірек уақыт жұмсау керек болады. Уақыттың ұзақтығы деген сөз көп жағдайда көбірек қаржы қажет дегенді білдіреді. Көп жағдайда зерттеушіде немесе студентте уақыт пен қаржы жағы шектеулі болғандықтан, талданатын іріктемелердің ауқымы кішігірім болып жатады.
2. Жалпылау қиын. Іріктемелер, яғни қатысушылар немесе зерттелінушілер аз болғандықтан, оларды репрезентативті іріктемелер ретінде көрсетіп, солардан алған нәтижелер бойынша жалпылау жасау дұрыс па деген сұрақ туындайды. Көбіне сапалық зерттеушілер сандық зерттеушілер тарапынан осындай сынға ұшырап жатады.
3. Сапалық деректермен жұмыс істеу зерттеушінің қабілеттеріне тәуелді. Кейде жап-жақсы жазылған жұмыстар зерттеуші қабілетінің жетіспеушілігінен толыққанды ашылмай жатады. Сондай-ақ, сұхбат, бақылау фокус-топтық зерттеулер жүргізу қажет болған соң, зерттеушіден адамдармен тез тіл тапқыш, тартыншақ емес, көпшіл болуы керек болады. Зерттеушінің бойынша осындай жеке қасиеттері болмаса, ол зерттеуді соңына дейін жеткізе алмауы мүмкін немесе ойдағыдай жүргізе алмауы мүмкін.

Сапалық деректерді презентациялау

Сапалық деректерді талдауды презентациялауда көбіне сандық презентациялау тәсілі қолданылып



жатады. Яғни, әртүрлі гистограмма, кестелер келтіріп деген сияқты. Бірақ, бұл көп жағдайда еңбегіңіздің құндылығын ашып бере алмайды. Сапалық деректерді презентациялауда ең жиі қолданылатын әдіс – ол мысал бере отырып түсіндіру. Бұл дегеніміз, сіз сандық әдістерді мүлдем қолданбаңыз дегенді білдірмейді, оларды қолданғаныңыз дұрыс. Бірақ, егер сіз қоғамдық мәселелерді көтеріп отырған болсаңыз, соны зерттеуде қандай тәжірибелерді бастан кешірдіңіз, өзіңіз үшін қандай жаңалықтар аштыңыз, бәлкім, респонденттердің басынан өткен бір ерекше оқиға мысалында зерттеуіңіздің өзектілігін айтып өту аса маңызды болуы мүмкін. Сапалық деректердің күші оның өзекті мәселелерді баяндай алуында. Егер сіз сол өзекті мәселелерді қарапайым адамдардың өмірімен байланыстыра алсаңыз және сұхбат барысындағы түйген пікірлеріңізбен бөліссеңіз, презентацияңыз әлдеқайда қызығырақ болуы мүмкін.

Қорытынды

- Сапалық деректерді талдау сандық бағалаудың көмегіңіз сұхбат, топтық пікірталас, бақылау, журналдар және мұрағаттық құжаттар сияқты көздерден күрделі деректерді сыни және рефлексивті барлау және түсіндіру арқылы жаңа түсініктерді қалыптастырады.
- Сапалық деректерді талдаудың логикасы шикі деректер арқылы өтетін тақырыптарды индуктивті түрде шығару, дедуктивті түрде табу кезінде шығармашылық пен фокустың тепе-теңдігін сақтауды қажет етеді. Бұл зерттеушілердің өз деректеріне жақын болуын талап ететін процесс.
- Сапалық деректерді талдау әдетте мыналарды қамтиды: сыңар жақ пікірлерді анықтау және жалпы әсерлерді атап көрсету; ұйымдастыру және кодтау; паттерндер мен өзара байланыстарды іздеу; тақырыптардың картасын жасау және құру; теорияларды құру және тексеру және қорытынды жасау.
- Сапалық деректерді талдауға арналған бірнеше парадигма/дициплинаға негізделген стратегиялар бар: контент талдау, дискурстық талдау, нарративтік талдау, әңгімелесе талдау; семиотика; герменевтика және негізделген теория. Визуалдық талдау осылардың барлығымен қиылысады және зерттеушілерге көріністердің маңыздылығын еске салады.
- Сапалық деректерді тиімді репрезентациялау баяндамаңызды қуатты түрде жазу мүмкіндігін береді. Қиындық – оқиғаға салмақ беру үшін оқиға тізбегін құрастырып, сөздерді және/немесе көріністерді таңдаулы түрде қолдану.